	Көшпелілерден ерте орта ғасырда қандай қағанаттар құрылды?	Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты,Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты,Оғыз мемлекеті, Қимақ қағанаты.		
2	Түрік қағанаты, Жужандар, 552 жыл, Орталық Азияда саяси үстемдікке жетті , VI ғасырдың 70 жылдарында бұл қағанат Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік жағалауына дейін билік жүргізді. Қытай, Иран, Византия сияқты ірі мемлекеттермен терезесі тең түсіп, күшті мемлекеттің біріне айналды		7	Бір дұрыс жауапқа 1 балл
	1. А 2. В 3. В 4. Е 5. С 6. В		6	Бір дұрыс жауапқа 1 балл
	Әссе. Атлах шайқасы маңызды болды. Менің ойымша Атлах шайқасының маңызы Арабтардың қытайларды жеңуі. Себебі Қытайлар Жетісудан біржолата кетті. Осы оқиғадан кейін арбатар Орта Азияға үстемдік етті. Ислам діні енді. Осыған байланысты шайқаста көрініс тапқаны оқиғада көшпелілердің әскери өнері ерекшеленеді.		1	Атлах шайқасының тарихи маңызына бағалауда тақырып позициясын тандайды
			1	Атлах шайқасын өз ойы арқылы сипаттайды
			1	Атлах шайқасын түсіндіруде арбатардың рөлін анықтайды

		1	Аталах шайқасына 1-дәлел келтіреді
		1	Атлах шайқасына 2-дәлел келтіреді
		1	Атлах шайқасына 1-дәйек келтіреді
		1	Атлах шайқасына қорытынды ой жазады
	Жалпыбалл	25	

6-сынып.«Қазақстан тарихы» пәнінен II тоқсанға арналған жиынтық бағалау тапсырмалары. ТЖБ

1. Ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін ия/жоқ кестесінде көрсетіңіз.

№	Мәлімет	Ия	Жоқ
1	1906 жылы Қарахан кесенесінің құлаған бөлігін қайта тұрғызуда Сайд Бакханов қаржыландырды		
2	Қарахан кесенесі қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде орналасқан		
3	Жезқазған қаласынан 40 шақырымдай жерде Кеңгір өзенінің жағасында Қарахан кесенесі орналасқан.		
4	Бабаджа-Хатын кесенесінің текше тәрізді тік бұрышты, қызыл кірпіштен тұрғызылған ескерткіштің ауданы 6,8х6,8 м, биіктігі 5 м-ден астам; қабырғаларына қаланған кірпіштерінің көлемі 24х24х5 см. Қасбеті мен 2 қапталы бір-біріне ұқсас, мәнерлеп қаланған кірпіштен күн тәрізді өрнектер жасалған.		
5	Бабаджа-Хатын кесенесі Тараз қаласынан 18 км қашықтағы Айша бибі кесенесінің маңында орналасқан.		
6	Айша-Бибі кесенесі құрылысын 1953 жылы қазақстан ғылым академиясы зерттеген.		
7	Айша-Бибі кесенесіндегі бағаналарға парсы әрпінде жазуы бар белдеу жүргізілген		

[7]


2. Төменде берілген ақпараттардың «ақиқат» немесе «жалған» екенін анықтаңыз.

№	Ақпарат	Ақиқат	Жалған
1	«Жібек жолы» терминін неміс географы Фердинанд Рихтофен 1877 жылы енгізген.		
2	Қытайлық саяхатшы Чжан Цяньның “Батысқа” саяхаты нәтижесінде, ҰЖЖ б.з.б. 2 ғ-да ашылды.		
3	Ұлы Жібек жолының негізгі жолдары Сирия — Иран — Орта Азия — Оңт. Қазақстан — Талас даласы — Шу өңірі — Ыстықкөл маңайы — Шығыс Түркістан — Қытай болып тармақталды.		
4	Ұлы Жібек жолы 2016 жылы ЮНЕСКО - ның әлемдік мұра тізіміне енгізілді.		
5	Ұлы Жібек жолының қашықтығы 12 000 шақырымды құрады.		

6	VII ғасырдағы Қытай жол көрсеткіш кітапшасында "Ақ өзендегі қала" - Сауран көрсетілген.		
---	---	--	--

[6]

3. Ұлы Жібек жолы орта ғасырлық мемлекеттердің мәдениет, шаруашылық, сауда қатынастарына тигізген факторларды анықтаңыз.



<https://www.google.ru/url?sa=i&source=images&cd=&cad=rja&uact=8&ved=2ahU>

мәдениет	сауда	шаруашылық
1.	1.	1.
2.	2.	2.

[6]

4. Ұлы Жібек жолының халықаралық қарым-қатынасты дамытудағы тарихи маңызын сипаттаңыз.

--

[1]

5. Берілген тапсырмада, хронологияға қарай дамыған ортағасырлық мемлекеттерді анықтаңыз және ыдырауына негіз болған ортақ себептерін жазыңыз.

942 - 1212 ж.		
XI - XIII ғ. басы		
1128 - 1212 ж.		
XII - XIII ғ. басы		

[5]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
------------	-------	------	-----------------

1	Мәлімет	Ия	Жоқ	7	Бір дұрыс жауапқа 1 балл
	1906 жылы Қарахан кесенесінің құлаған бөлігін қайта тұрғызуда Сайд Бакханов қаржыландырды	+			
	Қарахан кесенесі қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде орналасқан	+			
	Жезқазған қаласынан 40 шақырымдай жерде Кеңгір өзенінің жағасында Қарахан кесенесі орналасқан.		+		
	Бабаджа-Хатын кесенесінің текше тәрізді тік бұрышты, қызыл кірпіштен тұрғызылған ескерткіштің ауданы 6,8х6,8 м, биіктігі 5 м-ден астам; қабырғаларына қаланған кірпіштерінің көлемі 24х24х5 см. Қасбеті мен 2 қапталы бір-біріне ұқсас, мәнерлеп қаланған кірпіштен күн тәрізді өрнектер жасалған.	+			
	Бабаджа-Хатын кесенесі Тараз қаласынан 18 км қашықтағы Айша бибі кесенесінің маңында орналасқан.	+			
	Айша-Бибі кесенесі құрылысын 1953 жылы қазақстан ғылым академиясы зерттеген.	+			
	Айша-Бибі кесенесіндегі бағаналарға парсы әрпінде жазуы бар белдеу жүргізілген		+		
2	Ақпарат	Ақиқат	Жалған	6	Бір дұрыс жауапқа 1 балл
	«Жібек жолы» терминін неміс географы Фердинанд Рихтофен 1877 жылы енгізген.	+			
	Қытайлық саяхатшы Чжан Цяньның “Батысқа” саяхаты нәтижесінде, ҰЖЖ б.з.б. 2 ғ-да ашылды.	+			
	Ұлы Жібек жолының негізгі жолдары Сирия — Иран — Орта Азия — Оңт. Қазақстан — Талас даласы — Шу өңірі — Ыстықкөл маңайы — Шығыс Түркістан — Қытай болып тармақталды.	+			
	Ұлы Жібек жолы 2016 жылы ЮНЕСКО - ның әлемдік мұра тізіміне енгізілді.		+		
	Ұлы Жібек жолының қашықтығы 12 000 шақырымды құрады.	+			
	VII ғасырдағы Қытай жол				

	көрсеткіш кітапшасында "Ақ өзендегі қала" - Сауран көрсетілген.			+		
3				6	Бір дұрыс жауапқа 1 балл Мазмұнына сай жауап басқа фразамен жазылса қабылданады	
	мәдениет	сауда	шаруашылық			
	1.Шығыс пен Батыс мәдениетінің арасында байланыс орнады. 2.Сәулет өнері дамыды.	1. Отырар, Сауран қалаларынан қазба жұмыстары кезінде мыс теңгелер табылды. 2.Ірі сауда орталықтары ашылып, әртүрлі тауарлар тасымалданды.	1.Азық және көлік малын қамтамасыз етті. 2.Жылқы саудасы дамыды			
4	Халықтар мен мәдениеттерді жақындастырып, өзара байытуында болды			1	Бір дұрыс жауапқа 1 балл Мазмұнына сай жауап басқа фразамен жазылса қабылданады	
5	942 - 1212 ж.	Қарахан мемлекеті	X - XIII ғасырдың басындағы Қазастан аумағында өмір сүрген мемлекеттер	5	Бір дұрыс жауапқа 1 балл Мазмұнына сай жауап басқа фразамен жазылса қабылданады	
	XI - XIII ғ. басы	Қыпшақ хандығы				
	1128 - 1212 ж.	Қарақытай мемлекеті				
	XII - XIII ғ. басы	Наймандар, керейіттер, жалайырлар мемлекеті				
Жалпы балл				25		

6-сынып. Қазақстан тарихы. 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

№1 Мемлекеттердің басқару жүйесіндегі ерекшеліктері мен ұқсастықтарын табыңыз.

Алтын Орда		Моғолстан
Айырмашылығы	Ұқсастығы	Айырмашылығы
1	1	1
	2	

[4]

№2. Әбілқайыр хандығы мен Ноғай ордасының этно-әлеуметтік құрылымын анықтаңыз.

- _____
- _____

[2]

№3. Кескін картаны пайдаланып, Ақ Орда, Әбілхайыр хандығы, Ноғай Ордасы мемлекеттеріндегі саяси үдерісті сипаттаңыз



[9]

Мемлекеттер	Территориясы	Мемлекет орталығы	Негізін салған
Ақ Орда			
Әбілхайыр хандығы			
Ноғай Ордасы			

№4 Қазақ этнонимінің мағынасын жазған авторларды (А. Бернштам, Т. Жанұзақов, Н. Мыңжұлы, Ш. Құдайбердіұлы) пайдаланып айтқан сөзін табыңыз.

Тапсырма	Авторлар
Қазақ сөзі Каспий маңы және сақ тайпаларының бірігуінен пайда болған деп тұжырымдайды.	
«қазақ» сөзінің бірінші бөлігі – «қаз», «қас» – Орал, Алтай, Кавказ, т.б. түркі тілдер тобында «еркін», «ер», «жігіт», «кісі» деген мағынаны білдіретінін дәлелдеген.	
«Алтын тас», «Күлтегін», «Тоныкөк» түркі жазуларында кездесетін «қазғану», «қазғандук», «қазған тұтқын», «қазғанмасар» деген етістіктер «қажырлы, қайрат жұмсау», «күресу», «талпыну», «еркіндікке ұмтылу», «ерлік істеу», «табысқа қол жеткізу» деген мағынада деп түсіндіреді.	
«қазақ» сөзінің мағынасы өз алдында ел болып, еркін жүрген халық деп толықтырып жазды.	

[4]

№5 «ПТМС» формуласы

Тақырып «Қазақ хандығының құрылуында хандардың ролінің маңызы болды/ болмады»

Бірінші сөйлем «Менің ойымша»

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін.....»

Үшінші сөйлем «Оны мен 2 дәлел, 1 дәйек арқылы келтіре аламын»

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қортынды шешімге келдім»

[6]

Балл қою кестесі

тап сыр ма	Жауап	Ба лл	Қосымша ақпарат
1	Алтын Орда және Моғолстан мемлекеттердің басқару жүйесіндегі айырмашылық пен ұқсастықтары. 1. Сұлтандар - ханнан кейінгі әлеуметтік басқарудың жоғарғы тобы 2. Мемлекеттің әкімшілік басқару жүйесі әскери-демократиялық тұрғыда. 1. Ұлыстық басқару жүйесінің сақталуы. 2. Ислам діні мемлекеттік діні деп жариялауы.	4	Әр жауапқа бір балл
2	Әбілқайыр хандығы қыпшақ, қарлұқ және түркілеген монғол тайпалары құрады. XIV-XV ғасырдың бірінші жартысында бұл тайпалар ортақ «өзбектер» атауымен белгілі болды.	1	Әр жауапқа бір балл
	Ноғай ордасының этникалық құрамы Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығы сияқты түркі және түркіленген монғол тайпаларынан тұрды. Ноғай Ордасының негізгі маңғыттар тайпасы еді.	1	
3	1. Жайық өзенінен Ертіске, Батыс Сібір ойпатынан Сырдың орта шеніне дейін. Орталығы- Сығанақ қаласы. Негізін салған Орда Ежен хан 2. Батыста Жайықтан бастап шығысында Балқаш көліне дейін, оңтүстігінде Сырдарияның төменгі жағы мен Арал өңірінен солтүстігінде Тобылдың орта ағысымен Ертіске дейін. Орталығы - Сығанақ. Негізін салған Әбілхайыр хан Жайықтың сол жағасынан, солтүстік-шығыста Батыс Сібір ойпатына дейін, солтүстік-батыста Қазанға дейін, оңтүстік-батыста Арал Каспий теңізіне дейін. Орталығы – Сарайшық. Негізін салған Едіге	9	Әр жауапқа бір балл
4	А. Бернштам. Қазақ сөзі Каспий маңы және сақ тайпаларының бірігуінен пайда болған деп тұжырымдайды. Т. Жанұзақов. «қазақ» сөзінің бірінші бөлігі – «қаз», «қас» – Орал, Алтай, Кавказ, т.б. түркі тілдер тобында «еркін», «ер», «жігіт», «кісі» деген мағынаны білдіретінін дәлелдеген. Н. Мыңжұлы. «Алтын тас», «Күлтегін», «Тоныкөк» түркі жазуларында кездесетін «қазғану», «қазғандук», «қазған тұтқын», «қазғанмасар» деген етістіктер «қажырлы, қайрат жұмсау», «күресу», «талпыну», «еркіндікке ұмтылу», «ерлік істеу», «табысқа қол жеткізу» деген мағынада деп түсіндіреді. Ш. Құдайбердіұлы. «қазақ» сөзінің мағынасы өз алдында ел болып, еркін жүрген халық деп толықтырып жазды.	1 1 1 1	Әр жауапқа бір балл

5	Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы Қазақ хандығының құрылуында хандардың ролінің маңызы болды менің ойымша қазақ хандығының құрылуы –Қазақстан тарихындағы ұлттық сипаттағы мемлекет пен этносты тарих төріне шығарған аса маңызды оқиғалардың бірі. Себебі Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлініп, Моғолстанның батысындағы Шу өңіріне келуі және Керейдің хан болып сайлануы жатады. Қазақ хандығының құрылуы мен нығайуы 1-ші дәлел ішкі феодалдық қырқыстар мен талас – тартысты тоқтатты. 2-ші ел ішінде тыныштық берік орнап, береке – бірлік кең өріс алды. Шаруалар дер кезінде өріс-қонысқа, жайлау мен қыстауға көшіп – қонды. Бейбіт өмір, мамыражай заман орнады. Қазақ хандығының іргесі бекіп күш-қуаты мен беделі артты. Керей мен Жәнібек хан құрған Қазақ хандығының жалғасы – бүгінгі қазақ елі	6	
Жалпы балл			25

«Қазақстан тарихы» пәнінен IV тоқсанға арналған жиынтық бағалау тапсырмалары

1- тапсырма: Көп таңдау бар тапсырмадан бір дұрыс жауапты табыңыз

Хан бөліп берген ру-тайпаларды басқарады, оларға жерлерді бөліп береді:

- А) Би
- В) Сұлтан
- С) Батыр

2. Хан-сұлтанның үкімін орындайды, бидің шешімдерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді:


- А)Малшы
- В) Батыр
- С) Жатақ

3. Қалаға қоныс аударған, жер жыртады, егістік суғарады, сөйтіп азын-аулақ күн көріске ақша табады:

- А)Қожа
- В) Малшы
- С) **Жатақ**

[3]

2- тапсырма: Кестеде әлеуметтік топтардың қоғамдық қызметінкөрсетіңіз. .



3- тапсырма Қасым хан және Жәңгір хандар билігінде әскери өнделердің ролі туралы дәлел мен 2 дәйек көрсетіңіз.

1 дәлел


1 дәйек

1 дәлел

1 дәйек

[4]

4- тапсырма: XVI – XVII ғасырларда билік еткен Қасым хан мен Жәңгір хандардың ішкі және сыртқы саяси оқиғаларын ВЕНН диаграммаға салып, 4 айырмашылығын және екі ұқсастығын сипаттап, қорытынды ойыңды жаз



Қорытынды ой
1.

5 тапсырма. Картаны пайдаланып XVI-XVII ғасыр аралығында қазақ даласында отырықшы қоныстарды анықтап шаруашылықтың қай түрлері дамығандығын сипаттап, төрт түлік түрін анықтаңыз.



[https://w](https://www.google.kz/search?rlz=1C1GGRV_enKZ751KZ752&biw=1280&bih=611&tbm=isch&sa=1&ei=xI7FW5uwDIqXsAH29YroBg&q=қазақстан+картасы)

[ww.google.kz/search?rlz=1C1GGRV_enKZ751KZ752&biw=1280&bih=611&tbm=isch&sa=1&ei=xI7FW5uwDIqXsAH29YroBg&q=қазақстан+картасы](https://www.google.kz/search?rlz=1C1GGRV_enKZ751KZ752&biw=1280&bih=611&tbm=isch&sa=1&ei=xI7FW5uwDIqXsAH29YroBg&q=қазақстан+картасы)

№	Аумағы	Шаруашылық түрі.	Төрт түлік түрі
1	Таулы аймақтар		
2	Шөл дала аймақтар		
3	Өзен бойлары		

[4]

Балл қою кестесі

Тапс лар №	Жауаптары	Балл	Қосымша ақпарат
1	1-В, 2-В, 3-С	3	
2	Хан- мемлекет басшысы, Шыңғыс хан ұрпағы, қараша халықтан жоғары тұрады, әскерді басқарады, халыққа жер бөліп береді, бүкілхалықтық құрылтай шақырады. Қажы- Шыңғыс хан ұрпақтары сияқты ақсүйек болып саналады, ислам дінін таратады, халық арасында шарияттың сақталуын қадағалайды Би- шешендік, тапқырлық қасиеттің арқасында ел басқаруға қатысады, бөліп берген жерлерді басқарады, сот билігін жүзеге асырады, елдің күрделі мәселелерін шешуге қатысты құрылтайға қатысады.	3	Білім алушының басқада дұрыс жауаптары қабылданады.
3	1 дәлел Қасым хан билігінде хандық аумағы қазіргі Қазақстан аумағында кеңейткен. 1 дәйек Қасым хан кезінде әскер саны 300 мыңға жеткен 1 дәлел Жәңгір хан Орбұлақ шайқасында ерлік көрсетіп, сол шайқастан кейін Жәңгір хан Салқам Жәңгір атанды. 1 дәйек Жәңгір хан 600 әскеріне жонғарлардың 50 мың әскеріне тосқауыл қояды.	4	Білім алушының басқада дұрыс жауаптары қабылданады.
4	Қасым хан ішкі саясатта: Қасым хан «Қасқа жолы» заңдар жинағы жасалды. Ноғай маңғыттармен құдалық қарым-қатынас орнатты. Сыртқы саясатта: Мәскеу мемлекетімен дипломатиялық қарым – қатынас орнатты. Шайбани әулетімен күресті. Жаңгір хан ішкі саясатта: Халықтың тыныштығы үшін көп еңбек етті. Сауда жақсы дами бастады. Сыртқы саясатта Бұқар хандығымен достық қарым-қатынас орнатты. Моғол ханы Абдуллахпен дипломатиялық қарым-қатынаста болған. Ұқсастықтары: Екеуі де көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға әрекеттенді. Әскерлерді біріктіріп, халықтардың бірлігін нығайтты. Қорытынды ой: Екі ханда сыртқы саясатта шебер дипломат болған, ішкі саясатта халықтың қолдауына ие болған.	11	Білім алушының басқада дұрыс жауаптары қабылданады.
5	Таулы аймақтар- жартылай көшпелі Шөл дала аймақтар-көшпелі Өзен бойлары-отырықшы Төрт түлік түрі-жылқы,қой,түйе,қара мал	4	
Жалпы		25	

БЖБ 1. «Рим империясының құлауы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Кіріспе. Неліктен Батыс Рим империясы құлады? Неліктен Византия 568 жылы Византия түрік қағаны Истемиге елші жіберді?
Оқу мақсаты	6.3.1.1 «Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін білу және уақыт сызығында белгілеу 6.3.2.1 Рим империясының ыдырау себептерін анықтау және жіктеу 6.3.2.4 Византияның дипломатиялық саясатын оның көршілес елдермен қарым-қатынасының мысалында қарастырып, сипаттау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Оқиғаларды «Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін уақыт сызығында анықтайды және көрсетеді - Рим империясының саяси және әлеуметтік-экономикалық ыдырау себептерін жіктейді - Византияның көршілес елдермен халықаралық байланыс жасаудағы қарым-қатынасын анықтайды.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану

Орындау уақыты 20 минут

1-тапсырма. Төмендегі оқиғаларды уақыт сызығына сәйкестендіріп, ретімен орналастыр.

1. Мәдениет, ғылыммен білім католик шіркеуінің қатаң бақылауында болды;
2. Феодализмнің ыдырауына және жаңа капиталистік қоғамның қалыптаса бастауы;
3. Герман тайпаларының Батыс Рим империясын басып алуы;

V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	XIII	XIV	XV	XVI	XVII
---	----	-----	------	----	---	----	-----	------	-----	----	-----	------


2-тапсырма. Рим империясының саяси және әлеуметтік-экономикалық ыдырау себептерін кесте (+, -) белгісін қою арқылы жіктеңіз.

Саяси себептер	Себептер	Әлеуметтік-экономикалық себептер
	Рим империясының әскерлері өз әскери қуатын жоғалтты.	
	Құлдар өнеркәсіптің дамуына қарсы болды.	
	Варварлардың шапқыншылығы көбейді.	
	Құл иеленушілік жүйе елдің дамуын тежеді.	

3-тапсырма. Византияның көршілес үш елмен халықаралық байланыс жасаудағы ортақ қарым-қатынас түрін анықтаңыз.



Карта Византийской империй . <http://www.historie.ru/civilizacii/vizantiskaya-imperiya/183->



Бағалау критеріі	Тапсырма №	Дескрипторлар	Бал л
		Білім алушы	
Оқиғаларды «Ерте, орта, кейінгі орта ғасырлар» хронологиялық шегін уақыт сызығында анықтайды және көрсетеді	1	Оқиғаны «Ерте орта ғасыр» хронологиялық шегін уақыт сызығында анықтайды және көрсетеді	1
		Оқиғаны «Орта ортағасыр» хронологиялық шегін уақыт сызығында анықтайды және көрсетеді	1
		Оқиғаны «кейінгі ортағасыр» хронологиялық шегін уақыт сызығында анықтайды және көрсетеді	1
Рим империясының саяси және әлеуметтік-экономикалық ыдырау себептерін жіктейді	2	Рим империясының саяси ыдырауының 1-ші себепін жіктейді.	1
		Рим империясының саяси ыдырауының 2-ші себепін жіктейді.	1
		Рим империясының әлеуметтік-экономикалық ыдырауының 1-ші себепін жіктейді.	1
		Рим империясының әлеуметтік-экономикалық ыдырауының 2-ші себепін жіктейді.	1
Византияның көршілес елдермен халықаралық байланыс жасаудағы қарым-қатынасын анықтайды.	3	Византияның көршілес елдермен халықаралық қарым қатынас жасаған 1-ші елді анықтайды	1
		Византияның көршілес елдермен халықаралық қарым қатынас жасаған 2-ші елді анықтайды	1
		Византияның көршілес елдермен халықаралық қарым қатынас жасаған 3-ші елді анықтайды	1
		Византияның көршілес елдермен халықаралық қарым қатынас жасаудағы ортақ байланыс түрін анықтайды.	1
Жалпы балл			11


БЖБ 2. «Феодализм» және «Ислам тарихы» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Феодалдық экономика ерекшеліктері неде? Феодалдық қоғам қалай ұйымдасқан? Ортағасырлық қоғамды қаланың сәулеті мен өнері қалай бейнелейді?
Оқу мақсаты	6.4.2.1 Экономикалық қатынастардың формаларын түсіндіру арқылы феодалдық шаруашылықтың ерекшеліктерін сипаттау. 6.2.2.2 Өнердің (сәулет, сурет өнері) дамуына қоғамдағы өзгерістердің ықпалын анықтау. 6.2.2.1 Тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату арқылы діндердің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Феодалдық шаруашылықтың ерекшеліктерін сипаттайды. - Роман және готикалық үлгінің (стильдердің) ерекшеліктерін анықтайды. - Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтайды.
Ойлау дағдысының деңгейлері	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма. Берілген кестедегі ақпараттың ақиқат немесе жалған екендігін (+) белгісін қою арқылы анықтаңыз.

№	Ақпарат	Ақиқат	Жалған
1	Жер-негізгі табыс пен байлық көзіне айналды		
2	Феодалдық иеліктер арасында сауда-саттық пен экономикалық байланыстар жоғары дәрежеде дамыды		
3	Феодалдық шаруашылықтың ерекшелігі шаруашылықтың натуралды болуы.		

2-тапсырма. Суретке қарап романдық және готикалық үлгінің ерекшеліктерін анықтаңыз.




1-сурет <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D1%83%D1%80%D0%B5%D1%82:Nddp.jpg>

2-сурет <https://www.google.kz/url?sa=i&source=images&cd=&cad=rja&uact=8&ved=2ahUKEwjV>

№	Орта ғасырлық архитектуралар	Ерекшеліктері
1	Романдық стиль	1. 2.
2	Готикалық стиль	1.

		2.
--	--	----

3-тапсырма. Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтап, тірек-сызбаны толтырыңыз.



Бағалау критерилері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Феодалдық шаруашылықтың ерекшеліктерін сипаттайды	1	1-ші ақпараттың жалған немесе ақиқат екенін анықтайды;	1
		2-ші ақпараттың жалған немесе ақиқат екенін анықтайды;	1
		3-ші ақпараттың жалған немесе ақиқат екенін анықтайды;	1
Роман және готикалық үлгінің (стильдердің) ерекшеліктерін сипаттайды	2	Романдық үлгінің 1-ші ерекшелігін анықтайды;	1
		Романдық үлгінің 2-ші ерекшелігін сипаттайды;	1
		Готикалық үлгінің 1-ші ерекшелігін анықтайды;	1
		Готикалық үлгінің 2-ші ерекшелігін анықтайды;	1
Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалын анықтайды	3	Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалының 1-ші белгісін жазады;	1
		Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалының 2-ші белгісін жазады;	1
		Ислам дінінің әлемдік мәдениетке ықпалының 3-ші белгісін жазады;	1
Барлық балл саны:			10

БЖБЗ . «Крест жорықтары» және «Моңғолдар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Крест жорықтары христиандық Еуропа мен мұсылман әлемін қалай өзгертті? Моңғолдардың жорықтары Еуразияның саяси картасын қалай өзгертті?
Оқумақсаты	6.3.2.6 Картада оқиғаларды дамудинамикасында белгілей отырып, 1-4 жорықтармысалында крест жорықтарының себеп-салдарын анықтау. 6.3.2.5 Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтау
Бағалау критерий	<i>Білім алушы</i> Картадағы 1-4 крест жорықтарының осы аймақтарға бағытталу себептерін сипаттайды Крест жорықтарының мұсылман әлемі мен Еуропаға әкелген өзгерістерін анықтайды Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін анықтайды
Ойлаудағыларының деңгейі	Білу және түсіну қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1. Тапсырма: Кескін картада 1-4 крест жорығын бағытын белгілейді, 1\2\3\4 крест жорығының себепін, барысын сипаттайды. Еуропаның кескін картасы



https://go.mail.ru/search_images?q=%D0%BA%D0%B5%D1%81%D0%BA%D1%96%D0%BD%20%D0

№	Крест жорықтары	Себептері	Нәтижесі
1	1096-1099жж		
2	1147-1149жж		

3	1189-1192жж		
4	1202-1204жж		

2.Тапсырма: Крест жорықтарының Еуропаға әкелген өзгерісін анықта

1. _____
2. _____
3. _____

Крест жорықтарының мұсылман әлеміне тигізген зардабын сипатта

1. _____
2. _____

3. Тапсырма: Тарихи диктант. Сөйлемдерді тиісті сөздерді жазу арқылы толықтыр.

Моңғолдардың ең алғашқы соққысы _____ қарсы бағытталды. _____ жылдар аралығында болған соғыс барысында моңғолдар бүкіл орыс жерін толықтай өзіне қаратты. Бату орыс жерін жаулап алғаннан соң, Еуропаға баса көктеп кіреді. _____, _____, _____, _____, және _____ жерлерін талқандап, _____ мен _____ шекарасына жетеді. _____ жылы моңғол әскері Орта Азия билеушісі - Хорезм шахы Мұхаммедті қуа отырып, Иран жеріне аяқ басқан болатын.

(Авторлары: Г.Көкебаева, Р.Мырзабекова, Е.Қартабаева. Қазақстан тарихы - Алматы: «Мектеп», -2018. 48-49беттер)

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Картадағы 1-4 крест жорықтарының осы аймақтарға бағытталу себептерін анықтайды	1	Кескін картада 1 крест жорығының бағытыкөрсетеді, себебін,нәтижесін сипаттайды	1
		Кескін картада 2 крест жорығының бағытыкөрсетеді, себебін,нәтижесін сипаттайды	1
		Кескін картада 3 крест жорығының бағытыкөрсетеді, себебін,нәтижесін сипаттайды	1
		Кескін картада 4 крест жорығының бағытыкөрсетеді, себебін, нәтижесін сипаттайды	1
Крест жорықтарыныңмұсылманәлемі мен Еуропағаәкелгенөзгерістерінкөрсетеді	2	Крест жорықтарының Еуропаға әкелген 1 өзгерісін анықтайды	1
		Крест жорықтарының Еуропаға әкелген 2 өзгерісін анықтайды	1
		Крест жорықтарының Еуропаға әкелген 3 өзгерісін анықтайды	1
		Крест жорықтарының мұсылман әлеміне тигізген 1 зардабын сипаттайды	1
		Крест жорықтарының мұсылман әлеміне тигізген 2 зардабын сипаттайды	1

Ортағасырлық шапқыншылықтар кезіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктерін көрсетеді	3	Сөйлемдерге тиісті сөздерді толықтыру арқылы жазады	1
Жалпыбалл			10

БЖБ 4. «XIV ғасыр - XVI ғасырдың бірінші жартысындағы ортағасырлық еуропалық қоғам» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	«Қара індет» не себепті жылдам таралды? «Қара індет» шаруалар көтерілістері мен феодалдық соғыстардың басты себебі болды ма?
Оқу мақсаты	6.3.1.4 Феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнату 6.3.2.2 У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> - Феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнатады - У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын көрсетеді
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

1. У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын жазыңыз.

<i>Антифеодалдық көтерілістердің жетекшілері</i>	<i>Көтеріліс болған ел</i>	<i>Көтерілістердің себептері</i>	<i>Көтерілістердің нәтижесі</i>
 У.Тайлер	Англия 1381 жылдың мамыр Тайлер бастаған шаруалар көтерілісі басталды	Оған Франциямен соғысты жалғастыру үшін жаңа салықтың енгізілуі себеп болды	Король II Ричард көтерілісшілерімен кездесуге мәжбүр болды. Король шаруалармен келіссөз жасап жатқанда, Лондонның мэрі Уот Тайлерді опасыздықпен өлтіреді. Король толып жатқан уәделер беріп, оларды үйлеріне қайтуға көндіреді. Көсемінен айырылған көтерілісшілер Лондоннан қайтып кетеді.

			Көтеріліс шыққан аудандарда король соттары жұмыс істеп, көтеріліске қатысқандарды қатаң жазалайды.
 Г. Каль	Франция 1358 жылы	Көтерілістің себебі – Жүз жылдық соғыстан және «қара өлім» індетінің туындаған елдегі күйзеліс, салықтың өсуі еді. жалдамалы әскерлердің тонаушылық әрекеттері қарапайым халықтың ашу-ызасын келтірді	Гильом Кальды феодалдар алдап, келісімге шақырып, өлтіреді. Басқарусыз қалып, нашар қаруланған шаруаларды феодалдар отрядтары тас-талқан етіп жеңді. 1358 жылы француз тағына мұрагер Карл Парижды басып алып, көтерілісшілерді жазалады.
<i>Көтерілістердің тарихи маңызы</i>			

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

а) Орталықтандырылған мемлекет пен бытыраңқы мемлекет арасындағы қандай айырмашылық бар?

--

ә) Қоғамның қандай топтары орталықтандырылған мемлекеттің қалыптасуы тиімді деп санаған? Неліктен?

Ал қалалықтар елдегі әлеуметтік топтардың ішінде бытыраңқы феодалдық монархияның орнына күшті орталықтанған король үкіметінің болғанын қалады. діни шонжарлар, дворяндар және қалалықтар

б) Қоғамның қандай топтары орталықтандырылған мемлекетке қарсы болды және неге?

--

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	

Феодалдық соғыстар мен орталықтандырылған мемлекеттердің құрылуы арасында байланыс орнатады	1	Орталықтандырылған мемлекет пен бытыраңқы мемлекет арасындағы айырмашылықтарын көрсетеді	1
		Орталықтандырылған мемлекеттің қалыптасуын қолдаған топтарды атайды және себебін түсіндіреді	1
		Орталықтандырылған мемлекеттің қалыптасуыны қарсы болған топтарды атайды және себебін түсіндіреді	1
У.Тайлер, Г. Каль жетекшілігімен болған анти-феодалдық көтерілістердің себептері мен маңызын көрсетеді	2	У.Тайлер бастаған көтерілістің аймағын көрсетеді	1
		У.Тайлер бастаған көтерілістің себептерін анықтайды	1
		У.Тайлер бастаған көтерілістің нәтижесін сипаттайды	1
		Г. Каль бастаған көтерілістің аймағын көрсетеді	1
		Г. Каль бастаған көтерілістің себептерін анықтайды	1
		Г. Каль бастаған көтерілістің нәтижесін сипаттайды	1
		Көтерілістердің тарихи маңызын айқындайды	1
Жалпы балл			10

БЖБ 5. «Абсолютизм:Батыс пен Шығыс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	XIV Людовик мен Ұлы Петр: кімнің билігі айтарлықтай шексіз болды? Юнлэ мен Токугава билігі Батыс билеушілерінің билігіндей шексіз болды ма? Неліктен I Карл мен II Осман шексіз монарх бола алмады?
Оқу мақсаты	6.3.1.5 Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеушілерінің қызметін салыстыру 6.3.1.2 Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажырату

Тапсырма

- Берілген мәлеметтермен танысып, қай мемлкет билеуші екенін анықтаңыз.

1	Оның саясаты елді біріктіру қалалар мен сауданың өркендеуіне жол ашты. Билік тұсында 200-ге жуық қалалар мен қалалық типтегі поселкілер болды. Халықты 4 сословиеге бөлді. Оның билеген тұсында елге феодалдық қатынас дағдарысқа ұшырады.	
2	Ол ғылым мен білімге көп көңіл аударған, үлкен энциклопедия жазған, бұл энциклопедия тарихта 600 жыл бойы әлемдегі ең үлкен энциклопедия болып саналған, бірақ кейін бұл рекордты Ағылшын Уикипедиясы жаңартты.	

3	Ол «Күн патшасы» аталды. Мемлекетте абсолюттік билігін орнатып, «Мемлекет деген-мен» деп жариялады. Мемлекеттік Кеңес бұрын корольдік отбасы мүшелері, ақсүйектер өкілдерімен жоғары дін басыларынан тұрса, оны үш министрден тұратын тар кеңеспен ауыстырды.	
4	Ол мәдениет, халық ағарту саласында да ірі реформалар жасады. Зайырлы мектептер пайда болып, шіркеудің білім берудегі үстемдігі жойылды, алғашқы көпшілік театры құрылды.	
5	Епископтарды жоғары лауазымды мемлекеттік лауазымдарға тағайындау дворяндардың наразылығын тудырды	
6	Әскерді реформалау мен басқару жүйесінің реформалауды қажеттігін түсінді. Бірақ оның реформалары мерзімінен бұрын болды, әлеуметтік қолдау таппады.	

1	2	3	4	5	6

2. Монархиялық басқару жүйелеріне тән белгілерді сәйкесінше кестеге орналастырыңыз.

- а. сословиелік-өкілдіктің қызметі тек қана формалды түрде болады немесе олар таратылады
 б. Монарх барлық адамдардың ішінде негізгі тұлға.
 с. Мемлекеттің тірегі кәсіптік әскер құрылады
 д. Барлық мәселелер дін өкілдерінің, дворяндардың өкілдерінің қатысуымен бірлесе отырып шешіледі.
 е. Монархтың жарлығы заңдық күшке ие және оған ешкім қарсы тұра алмайды.

<i>Шексіз билік</i>	<i>Сословиелік-өкілдік</i>

БЖБ 5-6. «Абсолютизм: Батыс пен Шығыс» «Сауда қолөнер және әлемді игеру» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

- Тақырып** XIV Людовик мен Ұлы Петр: кімнің билігі айтарлықтай шексіз болды?
 Юнлэ мен Токугава билігі Батыс билеушілерінің билігіндей шексіз болды ма?
 Неліктен I Карл мен II Осман шексіз монарх бола алмады?
 Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батысты қалай байланыстырды?
 Қытайлықтар мен еуропалықтардың теңіз саяхаттарының айырмашылығы неде?
- Оқу мақсаты** 6.3.1.5 Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеушілерінің қызметін салыстыру
 6.3.1.2 Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажырату
 6.3.2.7 «Отаршылдық саясат» ұғымын түсіндіру (Испания және Португалияның жаулап алуының мысалында) XV-XVI ғғ. саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын анықтау

Бағалау критерийі Саяси биліктің ерекшеліктерін анықтау үшін әр түрлі ел билеушілерінің қызметін сипаттайды

Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажыратады

«Отаршылдық саясат» ұғымын сипаттайды (Испания және Португалияның жаулап алуының мысалында)

XV-XVI ғғ. саяхатшылардың негізгі бағыт- бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын сипаттайды

Ойлау дағды деңгейі Білу және түсіну Қолдану

Орындау уақыты 20 минут

1-тапсырма. Англия мен Ресейдегі абсолюттік биліктің ерекшеліктерін анықта

Мария Тюдор	I Елизавета
1.	1.
2.	2.

2-тапсырма. Монархиялық басқару жүйелеріне тән белгілерді сәйкесінше кестеге орналастырыңыз.

А.сословиелік-өкілдіктің қызметі тек қана формалды түрде болады немесе олар таратылады

В.Монарх барлық адамдардың ішінде негізгі тұлға.

С.Мемлекеттің тірегі кәсіптік әскер құрылады

Д.Барлық мәселелер дін өкілдерінің, дворяндардың өкілдерінің қатысуымен бірлесе отырып шешіледі.

Е.Монархтың жарлығы заңдық күшке ие және оған ешкім қарсы тұра алмайды.

<i>Шексіз билік</i>	<i>Сословиелік-өкілдік</i>

3-Тапсырма

Кестеде еуропалық және қытайлық экспедициялардың мақсаттары мен жергілікті халықтың өміріне тигізген әсерін анықтаңыз.

<i>Сұрақтар</i>	<i>Қытай саяхатшылары</i>	<i>Еуропа саяхатшылары</i>
Ұйымдастырылған экспедициялардың мақсаттары		
Жергілікті халықтың өміріне тигізген әсері		

Христофор Колумб, Фернандо Магелан атты саяхатшылардың бағыттарын ретімен жазыңыз.

Саяхатшылар	Бағыттары
Христофор Колумб	
Фернандо Магелан	
Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген оң және теріс әсерлерін анықтаңыз.	
Оң әсері	Теріс әсері
1	1

2	2
Қорытынды ой:	


Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Саяси ерекшеліктерін үшін әр билеушілерінің сипаттайды биліктің анықтау түрлі ел қызметін	1	Мария Тюдордың басқару саясатының 1 ерекшелігін жазады	1
		Мария Тюдордың басқару саясатының 2 ерекшелігін жазады	1
		I Елизаветаның басқару саясатының 1 ерекшелігін жазады	1
		I Елизаветаның басқару саясатының 2 ерекшелігін жазады	1
Батыс пен Шығыстағы монархия формаларын (сословиелік-өкілдік және шексіз билік) ажыратады «Отаршылдық саясат» ұғымын сипаттайды (Испания және Португалияның жаулап алуының мысалында)	2	шексіз билікке тән 1-белгіні ажыратады;	1
		шексіз билікке тән 2-белгіні ажыратады;	1
		шексіз билікке тән 3-белгіні ажыратады;	1
		сословиелік-өкілдікке тән 1-белгіні ажыратады;	1
		сословиелік-өкілдікке тән 2-белгіні ажыратады.	1
		қытайлық теңіз экспедицияларының мақсатын сипаттайды;	1
		еуропалық теңіз экспедицияларының мақсатын сипаттайды;	1
		қытайлықтардың теңіз экспедицияларының нәтижесінде ашылған жерлердің халықтарына жүргізген саясатын сипаттайды;	1
		еуропалықтардың теңіз экспедицияларының нәтижесінде ашылған жерлердің халықтарына жүргізген саясатын сипаттайды;	1
XV-XVI ғғ. саяхатшылардың негізгі бағыт-бағдарларын белгілей отырып, Ұлы географиялық жаңалықтардың адамдардың әлем туралы түсінігіне ықпалын сипаттайды		Христофор Колумбтың жүріп өткен жолының бағыттарын көрсетеді;	1
		Фернан Магеланның жүріп өткен жолының бағыттарын көрсетеді;	1
		Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген 1-оң әсерлерін анықтайды;	1
		Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген 2-оң әсерлерін анықтайды;	1
		Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген 1-теріс әсерлерін анықтайды;	1
		Ұлы географиялық ашулардың әлем үшін әкелген 2-теріс әсерлерін анықтайды.	1
		Қорытынды ой жазады	1
Жалпы балы			20

БЖБ 7. «Қайта Өрлеу дәуірі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Тақырып : «Қайта Өрлеу дәуірі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау	
Оқу мақсаты	6.2.2.3 Антикалық мәдениетпен байланыс орнату Қайта өрлеу дәуірінің мәдениетін (бейнелеу, мүсін өнері) сипаттау
Бағалау критерийі	Білім алушы *Қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктерін анықтайды *Ортағасырлық шығыс мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну Қолдану
Орындау уақыты	20 минут

Тапсырма

- Антикалық мәдениеттің кезеңдерін анықтау арқылы Қайта Өрлеу дәуірімен байланысын сипаттаңыз

 1. «Мен өзімнің түк білмейтіндігімді білемін» және «Өзіңді өзің танып-біл». http://stories-of-success.ru/files/sokrat-2.jpg	 2. https://upload.wikimedia.org/wikipedia/kk/thumb/4/49/788777757.JPG/200px-788777757.JPG	 3. https://lh3.googleusercontent.com/Xu1lRJ_4B7Lbon-lscpUp6aWS_obno0l1FjEhRWs8jermJvRxuWA0FRVlfn2tePDMd3u=s121
1.	2.	3.
Қайта өрлеу дәуірі мәдениетімен байланысы		
Бейнелеу өнерімен		Мүсін өнерімен
		2.

2. Шығыстың ортағасырлық мәдениетін Батыс Еуропа мәдениетімен салыстыру арқылы ерекшеліктерін сипаттаңыз.

Ортағасырлық Батыс Еуропа мәдениеті ерекшелігі	Шығыстың ортағасырлық мәдениеті ерекшелігі
1.	1

1. Кестені толтырыңыз

<i>Шығыс ойшылдары</i>	<i>Өркениетке қосқан үлесі</i>
<i>Ұлықбек</i>	
<i>Әлішер Науаи</i>	
<i>Бабыр</i>	


Бағалау критерийі	Тапсырма а №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктерін анықтайды	1	1-суретті кезеңіне байланысты атайды;	1
		2-суреттің кезеңіне байланысты атайды ;	1
		3-суреттің кезеңіне байланысты атайды ;	1
		Бейнелеу өнерінің Қайта өрлеу дәуірі мәдениетімен байланысын сипаттайды	1
		Мүсін өнерінің Қайта өрлеу дәуірі мәдениетімен байланысын сипаттайды	1
Ортағасырлық шығыс мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайды	2	Ортағасырлық Батыс Еуропа мәдениеті ерекшелігін сипаттайды	1
		Шығыстың ортағасырлық мәдениеті ерекшелігін сипаттайды	1
		Ұлықбектің әлемдік өркениетке қосқан үлесін сипаттайды;	1
		Ұлықбектің еңбегінің маңыздылығын көрсетеді;	1
		Әлішер Науаидің әлемдік өркениетке қосқан үлесін сипаттайды;	1


Жалпы балл	10
------------	----

БЖБ 8. «Реформация» және «Ғылыми революция» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау

Тақырып	Мартин Лютердің наразылығы Еуропаны қалай өзгертті? Коперниктің теориясы қаншалықты бірегей болды?
Оқу мақсаты	6.2.1.2 Тарихи процестердің контекстінде «гуманизм», «реформация», «протестантизм», «лютерандық», «кальвинизм», «контрреформация», «иезуиттер ордені» ұғымдарын түсіндіру 6.2.4.2 Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін кейінгі орта ғасырлар кезеңінде Жердің құрылысы туралы жасалған ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтау
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> Тарихи процестердің контекстінде «реформация», «иезуиттер ордені», «лютерандық», «контрреформация», «гуманизм», «кальвинизм», «протестантизм» ұғымдарын сипаттап анықтайды Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін жердің құрылысы туралы жасалған Н.Коперник, Д.Бруно, Г.Галилейдің ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтайды
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
Орындау уақыты	20 минут

1-тапсырма. Берілген суреттер мен ұғым, сипаттамаларды қолданып кестені толтырыңыз.

№	Суреттер	Сипаттама	Ұғым
1			«Реформация»
2			«Иезуиттер ордені»
3			«Лютерандық»
4		Қарсылық, келіспеушілік	

5		Құдай адамдардың тағдырын біліп отырады деген ілім	
6		Діни шіркеуге немесе діни шешімдерге қарсылық	
7		Адамдық, адамгершілік-адамды бірінші орынға қою	

2-тапсырма. Төмендегі ғалымдардың ғылыми жаңалығының қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге ықпалын анықтаңыз

Николай Коперник

Джордано Бруно

Галилео Галилей

Бағалау критерийлері	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тарихи процестердің контекстінде «реформация», «иезуиттер ордені», «лютерандық», «контрреформация», «гуманизм», «кальвинизм», «протестантизм» ұғымдарын сипаттап анықтайды	1	«Реформация» ұғымын сипаттайды	1
		«Иезуиттер ордені» ұғымын сипаттайды	1
		«Лютерандық» ұғымын сипаттайды	1
		«Контрреформация» ұғымын анықтайды	1
		«Гуманизм» ұғымын анықтайды	1
		«Кальвинизм» ұғымын анықтайды	1
		«Протестантизм» ұғымын анықтайды	1

Жаратылыстану ғылымдарының келешектегі дамуы үшін жердің құрылысы туралы жасалған Н.Коперник, Д.Бруно, Г.Галилейдің ғылыми жаңалықтардың маңыздылығын анықтайды	2	Н.Коперниктің ғылыми жаңалығының қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге ықпалын анықтайды	1
		Д.Бруноның ғылыми жаңалығының қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге ықпалын анықтайды	1
		Г. Галилеоның ғылыми жаңалығының қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге ықпалын анықтайды	1
Жалпы балл			10

6(7)-сынып. Дүниежүзі тарихы. І-тоқсан бойынша тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары

1.тапсырма. Византияның ұзақ өмір сүруінің себептерін анықтаңыз



<https://www.proza.ru/pics/2011/01/25/1470.jpg>

1. Византияның алғашқы жер аумағын қызылмен белгіле
2. Византияның гүлденген кездегі жер аумағын жасылмен белгіле
3. Византияның ұзақ өмір сүруінің 1 себебін анықта

1. _____

[3]

2.тапсырма. Феодалдық сатыны анықта

Төмендегі ұғымдарды сипаттамасымен сәйкестендіріңіздер. Әрбір дұрыс жауап 1 балл

№	Феодалдық саты	№	Міндеттері
1	Король	А	20-30 елді басқарды
2	Герцогтер мен графтар	В	Жоғарғы сот, әскердің қолбасшысы
3	Барондар мен виконттар	С	100 деген елді мекенді басқарды
4	Рыцарьлар	Д	Азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз етті
5	Шаруалар	Е	Әскери іспен айналысатындар

Жауаптары

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

[5]

3.тапсырма. Феодалдар мен шаруалардың құқықтарын салыстыр.

1.Феодал _____

2.Шаруа _____ [2]

4.тапсырма.Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1.Мұсылмандардың қасиетті кітабы _____

2.Исламның бес негізгі парызы _____

3.Үшір салығын кімдер төлейді _____

4.Иқта салығын кімдер төлейді _____

5.Мұхаммед пайғамбардың серіктері _____ [5]

5.тапсырма.Әлемнің екінші ұстазы «эссе» (ПТМС)-формула

1.Позиция (мен солай санаймын)

Түсіндіру (себебі.....)

Мысал (мен мұнымысалдар арқылы дәлелдей аламын)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынадай..... қорытынды жасаймын)

[5]

Балл қою кестесі. 6 сынып.Дүниежүзі тарихы. І-тоқсан. ТЖБ

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Византияның алғашқы жер аумағы Византияның құрамына Балқан түбегі, Кіші Азия, Сирия,Палестина,Мысыр,Месопатамия мен Армения,Қырым, Кавказ иеліктері кіреді. Византияның ұзақ өмір сүруінің 4-себебінің бірін жазады	3	Бір дұрыс жауапқа 1 балл
2	1.в 2 с 3 а 4 е 5 д	5	Бір дұрыс жауапқа 1 балл
3	Феодал жоғарғы сот және әскердің қолбасшысы міндеттерін атқарды,қол астында жүздеген елді мекендер болды. Шаруа екіге бөлінді басыбайлы және ерікті болып.Басыбайлы шаруалар феодалдарға толық тәуелді болды,олардысатуға,айырбастауға,сыйлауға ерікті болды.Ерікті шаруалар олардың жағдайы жеңіл болды,өз қарамағындағы мүліктерін еркін жұмсай алды.Ерікті шаруалар өз жер үлесін мұрагерлік жолмен балаларына қалдыруға құқылы болды	2	Мазмұны на сай жауап басқа фразамен жазылса қабылдан ады

4	1)Құран 2)Аллаға иман лелтіру,бес мезгіл намаз оқу,оразаұстау,зекетберу,меккеге қажылыққа бару 3)Аллаға адал қызмет атқарған адамдарға берілді,оның иесі үшір салығын төледі 4)Мұххамед (с.ғ.с.) пайғамбардың билігімен өз мемлекетіне адал қызмет атқарғандарға берілген жер иқта деп аталды 5)ӘбуБәкір,Омар,Осман,Әли	5	Мазмұны на сай жауап басқа фразамен жазылса қабылдан ады
5	Эссе Біздің заманымыздың 870-950 жылдары өмір сүрген Әбу насыр Эль Фараби әлемнің екінші ұстазы болып табылады. Аристотельден кейінгі әлемнің дамуына және ғылымның дамуына көп үлес қосқан екінші адам Эль Фараби болып табылады. Менің ойымша, Эль Фараби қоғам дамуына зор үлес қосқан адам. Эль-Фараби жастайынан ел кезіп саудагерлермен Азия, Ирак және Араб елдерінде жиһанкездік жасаған. Тарихи деректерге сүйенсек тірі кезінде Эль-Фараби – 70-ке жуық тіл білген. Ел кезіп түрлі ойшыл ғалымдармен кездесу арқылы география, биология, астрономия және математика ғылымдарын терең деңгейде білген. Эль-Фараби көрген білгенін ұдайы қағаз бетіне түсіріп оттырған. Осы себептен өмірінің соңына қарай әлем халқы үшін қайталанбас 150 ге жуық трактат қалдырып кетті. Мысалы, Эль-Фараби өзінің 5-ші трактаты«Медицина каноны» аталған еңбегінде алғаш рет адам тіршілігіндегі мидың маңызы туралы баяндай келіп, <u>мида жүйке</u> орталықтары мен сезімтал және козғалтқыш <u>жүйкелер</u> болатындығы туралы пиар айтады. Эль-Фарабидің тарихқа қосқан еңбектері арқылы парсы, араб және т.б. елдердің тарихын біле аламыз.Мысалы, Аристотель жайындағы мәліметтер және оның еңбектері басқа тілдерге аударылып, елдерге саяхат барысында таралуы. Қорытындылайтын болсақ, Әбу Насыр Эль-Фараби түркі ойшылдарының арасындағы ең мәшһүрі, «Әлемнің екінші - ұстазы» атанған ғұлама ғалым.	5	Неге әлемнің екінші ұстазы деп аталды,түсіндір, еңбектері не 2 мысал келтір, ойынды қортынды ла 1 балл Мазмұны на сай жауап басқа фразамен жазылса қабылдан ады


«Дүниежүзі тарихы» пәнінен II тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

1. «Крест жорықтары» кестесіндегі бос орынды толтырыңыз.

Ұйымдастырушысы	Хронологиясы	Салдары
II Урбан папа		Иерусалим қаласын басып алып, әйел-еркек, бала-шаға, кемпір-шал демей, қала халқын шетінен қырды, тіпті жас балалардың басын тасқа соғып өлтірді
	1147-1149 жылдары	Кресшілер Кіші Азияда салжұқтардан жеңіліп қайтты
III Иннокентий папа	1202-1204 жылдары	

[3]

2. Кескін картада түрлі түсті қаламмен 1,3,4 крест жорықтарының бағытын белгілеңіз /1-көк түспен,3-қызыл түспен,4-жасыл түспен/.Иерусалим мен Константинопольді басып алған жылдарын қойыңыз.



http://kontur-map.ru/map550015_0_0.htm

[5]

3. Мәтіндегі бос орындарды қажетті сөзбен сөйлемді толықтырыңыз.

Еуразиядағы қарым-қатынастың дамуына монғол үстемдігі ықпалын тигізді. Аз уақыттың ішінде монғол империясы Тынық мұхиттан (1 _____) дейінгі аумақты алып жатты, елшілер арқылы (2 _____) мен Монғол билеушілері арасында келіссөздер жүргізілді. Бату әскерінің Еуропаға жорық жасау қауіпі төнген кезде, Рим папасы IV Инокентий италияндық (3 _____) бастаған елшілікті Монғол империясына жібереді.

Француз королі IX Людовигтің тапсыруымен 1253-1255 жылдары монғол империясына саяхатшы ретінде фламандық монах (4 _____) жіберіледі. Ол Қарақорымдағы Ұлы хан Мөңкемен кездеседі. Еуропалықтардың (5 _____) империясымен дипломатиялық одақ жасағысы келген мақсаты орындалмады.

Монғол империясы шетелдік саяхатшылардың Еуропаға белгісіз азиялықтар жайында мәліметтер әкелуіне жағдай жасады. Монғолдар көшпелі тайпаларды (6 _____) арқылы біріктірді.

(Р.Т.Айтбай, Ә.Қ.Қасымов, А.О.Ешмұхамбетов 6 сынып Дүние жүзі тарихы Алматы «Атамұра» 2018. 71- бет)

[6]

1. Венн диаграммасын қолданып феодалдық бытыранқы және орталықтандырылған мемлекеттер арасындағы кемінде екі айырмашылығы мен екі ұқсастығын анықтаңыз


Феодалдық бытыранқы мемлекет Орталықтандырылған мемлекет

Айырмашылығы

Ұқсастығы

Айырмашылығы

[6]



Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап			Бал л	Қосымша
